

Ауылдық елді мекендердегі мемлекеттік ұйымдарының мамандарына әлеуметтік көмек беру туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы № 86 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 22 сәуірде № 2271 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 210 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Кентау қалалық мәслихатының 28.09.2018 № 210 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 18-бабының 5-тармағына, "Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 53-бабының 2-тармағы 2) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағы 15) тармақшасына сәйкес, Кентау қалалық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін жергілікті бюджет қаражаты есебінен әлеуметтік көмек біржолғы ақшалай өтемақы алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде берілсін.

Ауылдық жерде жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға және тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға жергілікті бюджет қаражаты есебінен біржолғы ақшалай өтемақы алты айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қалалық мәслихатының 26.01.2018 № 128 шешімімен (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қалалық мәслихат
сессиясының төрағасы
Қалалық мәслихатының хатшысы

Ж.Курманбеков
К.Сырлыбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК